



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

әдебиет,өзінің халық ағарту, мәдениет, әдебиет, тіл саласында мүлдем жаңа бағыт туғызып, негізін қалаған аз еңбегімен халқының тарихында, мәдениетінде, санасында өзіне ұсынса қол жеткісіз ескерткіш жасап қалдырды.

Қазіргі таңда Қазақстан білім беру мен ғылым жүйесінің жаңғырту кезеңінде тұрмыз. Өрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігін, колледжде, университетте жаңа кәсіби білім алуын, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді. Ыбрай атамның, белгілі ағартушы С.Көбеевтің ұлы жолын жалғастырып келеміз. Білім саласындағы жаңа реформаларды, өзгерістерді, жаңалықтарды, тәжірибеге еңгізіп, оның нәтижесін, қорытындысын шығару үшін уақыт керек болады. Ұлы тұлғалар оқу – ағарту ісін жүзеге асырып, халық игілігі үшін еңбек етудің үлгісін көрсетті. Олар тарихта салып кеткен білім жолы қарқындап, өркендеп келеді. Мұра етіп қалдырған осы жолын жалғастырып, маңыздылығын ұрпақтың зердесіне сіңіруміз қажет.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары Алматы «Рауан» 1991 ж, 3,4,148 б.
2. «Ы.Алтынсарин өнер білім жұртта» Алматы «Жалын» 1991 ж,123 б.
3. «Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы» (6 том) 148 б.

ӨОЖ 37.034

### **Ы.АЛТЫНСАРИН, С.КӨБЕЕВ ӘДІСТЕМЕЛЕРІНІҢ БҮГІНГІ ПЕДАГОГИКАДА ҚОЛДАНЫЛУЫ**

*Сейткасимова Динара Сейдуалиевна*  
*педагог сарапшы, бастауыш сынып мұғалімі*  
*«Қостанай қаласы білім бөлімінің № 21*  
*жалпы білім беретін мектебі» КММ*  
*Сейткасымова Гулнар Сейдуалиевна*  
*педагог модератор, қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі*  
*«Қарабалық ауданы білім бөлімінің М.Сералин атындағы*  
*жалпы білім беретін мектебі» КММ*  
*Кенжетаева Ботагоз Ермекбаевна*  
*педагог сарапшы, бастауыш сынып мұғалімі*  
*«Қостанай қаласы білім бөлімінің № 21*  
*жалпы білім беретін мектебі» КММ*  
*Қостанай қаласы, Қазақстан*  
*E-mail: dina-qn@mail.ru*

#### **Аңдатпа**

Бұл жұмыс қазіргі оқу – тәрбие саласындағы шаралардың өткен ғасырларда қалыптасқанын салыстыра жан – жақты зерделеген. Авторлар тарих белестерін сабақтастыра келешек пен ертеңге терең тұжырым жасайды. Еңбек көптеген жастарымыздың тәрбиесіне маңыз берген. Ұрпақ санасын қалыптастырудағы тәрбие мен қоғамның рөлінің ғылыми көзқарастарға ұштасуы. Ол келешекпен жалғасып отыруы маңызды. Ұстаз бен шәкірттің қоғамда алатын орны тереңде.

**Түйінді сөздер:** педагогика, мұра, идеялары, аударма, шығармашылығы.

#### **Аннотация**

*В данной работе всесторонне изучены мероприятия в сфере образования в сравнении с теми, что сформировались в прошлые века. Авторы связывают вехи истории и делают глубокие выводы о будущем и завтрашнем дне. Труд придавал большое значение образованию многих из нашей молодежи. Сочетание роли образования и общества в формировании сознания поколения с научными взглядами. Важно, чтобы это продолжалось в будущем. Роль учителя и ученика в обществе огромна.*

**Ключевые слова:** педагогика, наследие, идеи, перевод, творчество.

#### **Abstract**

*In this paper, activities in the field of education are comprehensively studied in comparison with those that were formed in past centuries. The authors link the milestones of history and draw deep conclusions about the future and tomorrow. Labor attached great importance to the education of many of our youth. The combination of the role of education and society in shaping the consciousness of a generation with scientific views. It is important that this continue in the future. The role of teacher and student in society is enormous.*

**Key words:** pedagogy, heritage, ideas, translation, creativity.

Тақырыптың өзектілігі: Ұрпақ санасын қалыптастырудағы тәрбие мен қоғамның рөлінің ғылыми көзқарастарға ұштасуы. Ол келешекпен жалғасып отыруы маңызды. Ұстаз бен шәкірттің қоғамда алатын орны тереңде.

Тарих адамзат пайда болғалы өмір сүрді, әлі сүреді. Ол әр ғасырды өзінше таңбалап, түрлі өрнек салуымен бүгін мен болашақтың санасында жаңғыра бермек. Соны біздің түйсінуімізге септігін тигізген «Дала шамшырағы» – Ыбырай Алтынсарин бабамыз. Алғаш қазақ даласын білім нәрімен сусындатып, ол салған дара жол күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Бастауы Балғожа, сағасы Шеген биге ұласқан таза бұлақтың қайнары кешегі Торғайды жағалап кеп құйылғаны сол көне шежіреміздің алтын сандығында сақтаулы. Алғаш Торғай жерінде қамыстан мектеп салдырып, балалардың сауатын ашты. Оқу инспекторы дәрежесіне дейін жоғарылады. Осындай оқу орындарын уездің бірнеше түкпірінде ашуға күш салды. Жер – жерде әліпті таяқ деп білмейтін жұрттың қолынан қару қылып қалам мен кітап ұстатты. Ал Ыбырай Алтынсариннің шәкірті Спандияр Көбеев. Спандияр Көбеев 1878 жылы бұрынғы Торғай облысы, Обаған болысына қарасты нөмірі үшінші ауылда – қазіргі Ақсуат ауылында дүниеге келген. Әкесі Көбей мұсылманша хат таныған, сабырлы, шыншыл, турашыл, бір алған бетінен қайтпайтын, өжет адам болған, тек қолөнерімен күн көрген. Ол балаларын оқыту жағына көп көңіл бөлген. Қостанайға сапарының бірінде болшақ шәкірті Спандиярдың әкесі Көбей ақсақалмен кезікті. Сөйтіп 1887 жылдың желтоқсанында Алтынсаринның тікелей көмегімен Спандияр сол мектепке алынады. Кейін 1892–1895 жылдары Қарағайлықөл деген жердегі төрт жылдық болыстық мектепте білім алады да, 1895–1897 жылдары Қостанай қаласындағы Алтынсарин ашқан орыс – қазақ мектебінде оқуын жалғастырады. Ұстазы Ы.Алтынсаринның қазасынан кейін, Спандияр оның ұстаздық қызмет жолын жалғастыруды арман етіп, Қостанай қаласында жаңадан ашылған екі жылдық педагогикалық курсқа түсіп, оны 1901 жылы бастауыш мектеп мұғалімі деген мамандық бойынша бітіріп шығады. төл шәкірті ата жолын ұстаз жолын қуып, тарихта Ыбырай жалғасы атанғаны мәлім. Ортақ ұстанымды тәлім беруде қолданып келген қос жарық жұлдыздың педагогика саласына әкелген үлесі бүгінгі бағдарламада маңызы арттыруда. Кең қолданыс тауып отыр десек болады. Мәселен Спандияр Көбеев мемуарлық шығармасында өткенді былай деп еске түсіреді:

«Әлі есімде, сабақ басталған күні орысша оқудың мән – маңызын айта келіп, орыстың ғылымын үйрену үшін ең алдымен тілін жетік білу керек екенін айтты. Орыс тілін неғұрлым жақсы білсең, соғұрлым орысша жақсы түсініп, жақсы оқитын боласың. Орысша жақсы оқысаң, өнер – білімге кенелесің, зейінің артады, ақылың молығады. Бұдан кейін бірнеше орыс сөздерін айтып шығып, оның қазақшасын түсіндірді». [1. б. 40–41]

Бұл жүйе кеңес кезіндегі, тіпті қазіргі оқулықтарда бар дүние. Заттың суретінің астына атауы мен мазмұны бірге беріліп түсіндіріліп отырады.

Сабақтан тыс уақыттарда ата – аналармен кеңесіп, сынып сағаттарын, педагогикалық жиындар өткізудің іргетасы сол кезде қаланған. Арада болған тәртіпсіздіктер мен айналадағылардың ерсі қылықтары мен жөнсіздіктер тәрбие сағаттарында талқыланып келген.

«Екінші бір есімде қалған нәрсе» – деп бастайды ол жөнінде ұлы ағартушыны дәріптеп өткен шәкірті міне бір естелігінде: «Біздің мұғалім бір күні осы ауылдағы балалардың туысқандарын шақырып алып, жиылыс өткізді. Жиылысқа, біз, балалар да қатыстық. Ол жиылыста балаларды оқуға ұмтылдыру жөніндегі ата – ананың міндеттерін айтты. Ұмытпасам, ешкімнің атын атаған жоқ, бірақ сөзін қорыта келіп, жиынға мынадай мысал келтірді:

– Кейбір ата – аналар, – деді ол, – өздерінің балаларына: «Жақсы оқы, шырағым. Жақсы оқып, орысша жақсы білсең, тілмаш боласың, песір боласың, ұлық боласың, жұрт сенен қорқатын болады, бай боласың деседі». Мен мұны жиі естіп жүрмін. Бұл – баланы жақсы әдетке, өнерге, білімге ынталандыру емес, қайта теріс тәрбие беретін жаман жолға қарай бұру деген сөз болып шығады». [1. б. 42–43]

Алғаш мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндерге оңды – солды дұрыс жүріп – тұруға талап қоя білу ата – аналардан бұрын педагог міндеті екенін түсінікті. Алғашқы қоңыраудан кейін олай болмаған жағдайда сабаққа бүрсігүні келіндер деп таратып жіберуге болар еді. Алайда, ондай сынды ұстаз алдындағы жауапкершілік көтермейді. Өмірдің тұңғыш баспалдағын аттауға бет алған балаларға сыныпты таныстырып, әліппе ұстатпас бұрын жан – жақты тәрбие туралы жүріс – тұрыс ережесін айту бастауыш сынып мұғалімдерінің басты борышы деп түсінген абзал. Осы қағиданы Ыбырай Алтынсарин бабамыз қалдырып кеткенін Спандияр Көбеев былай сабақтайды:

«Мен балаларға ең алдымен оқу деген не, оқығандағы мақсат не, орысша неге оқимыз, орысша оқудың пайдасы қандай деп, осылар төңірегінде қысқаша түсінік бердім. Түсініктірек болу үшін Ломоносовтың және Ыбырай Алтынсариннің өмірбаяндарын айтып шықтым. Одан кейін оқу ретін, мектепте қолданылатын тәртіпті, оқу уақыттарын айттым. Тазалық туралы қысқа – қысқа түсініктер бердім». [2. б. 45]

Халық арасында «жұртты қарату үшін алдымен өзіңе қара» деген сөз бар. Бұл бір жағынан анайы естілу мүмкін. Қазақтың бұл ұстанымын Ыбырай тәрбие іліміне білгендей теліп, ұстаздық

келбетті қалыптастыруға жетелегені анық. Ол ойын Ыбырайдың жалғасы Спандияр да былайша өрбітеді:

«Халық оқытушыны өзінің шын досы, ақыл айтар данасы, қараңғыда сәуле шашар шам – шырағы деп білу керек. Мұның үшін оқытушы ең алдымен өз оқушыларының алдында беделді болуы қажет. Оның бір негізгі шарты – оқытушының өз дәрісін жақсы меңгерген адам болуы былай тұрсын, оның берген сабағы оқушыға әрі өте түсінікті, әрі қонымды болуы керек. Оқытушы әрбір сабаққа жақсы дайындалу керек». [2. б. 50]

Спандиярдың әкесі Көбей мұсылманша хат танитын, етікші, балташы сияқты қолөнермен айналысса, анасы Айтбоз ақылды, қайратты, ауылдың ортақ анасы болған.

Спандияр Көбеев 1901 жылы Кішіқұм деген жерде алғашқы ұстаздық қызметін бастағаннан өмірінің соңына дейін осы қызметін тастамаған. С.Көбеев ұстаздық қызметпен қоса мәдениет жаршысы да болған. Бос уақытында ауыл адамдарына әдеби шығармалардың мазмұнын әңгімелеп, олардың ой – санасына ықпал етуге тырысқан. Ол туралы өзінің «Орындалған арман» деген мемуарлық шығармасында: «Мен Пушкин, Лермонтов сияқты ақын – жазушылардың шығармаларының мазмұнын айтып түсіндірдім, әсіресе Крыловтың мысалдарын көбірек оқып, аударып беріп жүрдім», – деп жазған. Спандияр Көбеевтің бастауыш мектептегі қазақ балаларына арналған оқу кітабы ретінде құрастырған «Үлгілі бала» атты жинағы 1912 жылы Қазан қаласында басылып шыққан. Жинаққа енген шағын әңгімелердің көбін Спандияр Көбеев Л.Толстойдың, К.Ушинскийдің оқу кітаптарынан алған. «Үлгілі бала» кітабындағы «Құмырсқа мен көгершін», «Ат пен есек», «Атасы мен немересі», «Қоян мен көлбақалар», «Екі жолдас», «Түлкі мен теке», «Сауысқан мен қарға», «Екі соқа» шығармаларында педагог – жазушы балалар үшін тәрбиелік мәні зор мәселелерді көтерген. Мысалы, «Екі соқа» шығармасында еңбекшілдікті мадақтап, еңбектің адамға тигізер пайдасы мен ықпалы туралы терең ой түйген. «Үлгілі бала» жинағына жазушының әлеуметтік теңсіздікті, зорлықты әшкерелейтін, жетім – жесірді аяуға үндейтін «Жетімнің өлеңі», «Жетім», «Қайыршы мен бай», т.б. төл шығармалары да енген. «Үлгілі тәржіма», «Үлгілі бала» жинақтарының жарыққа шығуы Спандияр Көбеевтің шығармашылық белсенділігін қанаттандыра түсті әрі бұл кітаптарды жазу барысында жазушы көп еңбектенді, көп ізденді. Осы ізденістің нәтижесінде 1913 жылы Қазан қаласында Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» романы жарыққа шықты. Қазақ әдебиеті тарихындағы қарасөзбен жазылған алғашқы көлемді шығармалардың бірі болып табылатын «Қалың мал» романының тақырыбы – әйел теңсіздігі мен жастардың бас бостандығы.

Спандияр Көбеев көргендері мен көңілге түйгендерін, бастан кешкен оқиғаларын жинақтай отырып, «Алғы сөз», «Балалық шақ», «Мен – оқытушы», «Қилы кезеңдер», «Орындалған арман» деген бес тараудан тұратын «Орындалған арман» атты мемуарлық роман жазған. Роман 1951 жылы жарыққа шыққан.

Спандияр Көбеев Петропавлскіде оқытушылық қызметін атқарып жүргенде, сол кездегі ұлы орыс халқының атақты жазушысы И. Крыловтың бірнеше мысалдарын қазақшаға аударып, баспаға ұсынады. Ол аудармалары «Үлгілі тәржіме» деген атпен 1940 жылы және «Үлгілі бала» (1912 жылы) кітаптары басылып шығады. Осы кітаптарына енген өлеңдері мен әңгімелері жасөспірімдерді еңбек пен бірлікке, тату – тәтті ынтымаққа шақырған.

С.Көбеевтің қазақ топырағында тұңғыш романдарының бірі болған «Қалың мал» 1913 жылдың қазан айында басылып шығады. Бұл роман шығармашылық өмірінде ерекше орын алады. Мұнда қазақ ауылының әлеуметтік суреті, қазақ әйелінің тағдыры, оның теңсіздігі және жастар өмірі, ойын – той салттары туралы бейнеленген. Атайдың соңғы жылдары жазған «Орындалған арман» атты мемуарлық еңбегі 1954 жылы өңделіп, екінші рет кітап болып баспадан шығады. Кітаптың негізгі мазмұны педагог – жазушының өткен өмір жолы, қоғамдық қызметі, ортасы мен дәуірі жайлы шығарма. Әсіресе, Ы.Алтынсариннің халықтық қызметін көрсетуге көп көңіл бөлген. «Орындалған арман» мемуарлық кітабының орны ерекше. Кітап өңделіп, 1954 жылы екінші рет басылды. «Орындалған арман» – педагог – жазушының өткен өмір жолы, қоғамдық қызметі, ортасы мен дәуірі жайлы шығарма. Онда автор заман шындығын әр қилы оқиғалар мен адамдар тағдыры арқылы көрсетеді. Кітапты оқып отырып, ең алдымен, өз ғұмырын халқына арнаған, талай қилы кезеңдер, қалтарысы мол жылдардан өтіп, өз еңбегінің жемісіне ие болып, республиканың көрнекті қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілген қарт педагог – жазушының бейнесі көз алдынан өтеді. Кітапта сол адамның күрескерлікке толы ескі және жаңа өмірі нанымды суреттеледі. Айналасында болып жатқан өзгерістерге бақылаушы болып сырттан қарап тұрмай, біте араласып жүреді. Сондықтан оның қандай оқиғаға болмасын өз көзқарасы, өз қатынасы бар. Ескі қазақ ауылындағы тап тартысы, байлар мен кедейлер арасындағы кейін саяси бағыт алған стихикалық соқтығысулар, жер дауы, жесір дауы, 1905 жылғы алғашқы орыс революциясының қазақтарға әсері, 1916 жылғы көтеріліс, орыс – қазақ достығының нығаюы жайын кейде кесек оқиғалар, кейде шағын эпизодтар арқылы айқын көрсетіп отырады. Шығарманың негізгі кейіпкері ел басындағы ауыртпашылықты бірге көтереді, қолынан келгенін халық мүддесі жолына жұмсайды. Қараңғылық пен надандықтан халқын құтқарып, ілімнің ұрығын себуге талаптанған ол бала оқытады, елді тәрбиелеуге көмектесерлік әдеби шығармалар жазады. Қазан революциясынан кейін ол халық арасында Кеңес өкіметінің мәнін, оның саясатын

насихаттаушылардың алдыңғы қатарында жүреді. Кітапта Ыбырай Алтынсариннің халықтық қызметін көрсетуге бірсыпыра көңіл бөлінеді. Автор қазақ даласында алғаш мектептер ашқан, сол мектептердің біріне өзін оқуға орналастырған ағартушы – педагогтің образын жасайды, онымен кездесулерін әсерлі баяндайды. «Қара бақсының хикаясы», «Надандық құрбаны» атты тарауларында ескі ауылда етек жайып, оны рухани жүдеткен қараңғылық пен надандықты әшкерелейді. Ауылдағы тап тартысы, кедейлердің егіндік, шабындық жерлерін тартып алған байларға қарсы бой көтеруі, байлардың олардан «кек қайтару» озбырлығы – кітаптың бірқатар тарауларының («Зорлық», «Мұз үстіндегі айқас», т.б.) мазмұнын құрайды.

Ұлы ағартушының ізбасары С. Көбеевтің кезінде жоғары бағаланып, екі дүркін Ленин орденімен марапатталып, «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі» деген құрметті атақ алған және Республика Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды.

Қорытынды сөз.

Осылайша Алтынсарин салған соқпақ жібi бұзылмай келешекке қадам басарын айтып кеткен:

«Үлгілі тәржіма» қолыма тигеннен кейін мен енді бастауыш мектеп үшін хрестоматия құрастыруға кірістім. Мұнда мен ең алдымен Ыбырай Алтынсариннің хрестоматияларын үлгі еттім. Өйткені Ыбырай әрі шебер педагог, әрі методист еді. Сондықтан бастауыш мектепте оқитын қазақ балаларына арналып жазылғалы отырған хрестоматия, сөз жоқ, Ыбырайдың үлгісі бойынша жазылу керек еді. Ыбырайдың оқу құралдарындағы негізгі сарын мінез – құлықты түзетудің, жауыздыққа, озбырлыққа қарсы күрестің, адалдық, әділеттілік, адамгершілік тәрбиесін берудің сарыны еді». [3. б. 40]

#### Әдебиеттер тізімі:

1. С.Көбеев. Орындалған арман
2. С.Көбеев. Мен оқытушы
3. С.Көбеев. Қилы кезеңдер
4. Білімді ел / Жанар Бердибекова. Спандияр Көбеев – әлеуметтік әділеттіліктің, адамгершіліктің жаршысы, гуманист педагог / 9.12.2021 ж.
5. ХХІ ғасырдың I жартысындағы Қазақ әдебиеті/Спандияр Көбеев, Сәбит Дөнентаев, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев шығармалары
6. Әдебиет порталы/ Спандияр Көбеев

ӘОЖ 37.034

### ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН МЕН СПАНДИЯР КӨБЕЕВТИҢӘДЕБИЕТ ПЕН ТІЛ САЛАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСТЕРІ

*Смагулова Айзат Есказыевна  
педагог – зерттеуші, ағылшын тілі пәні мұғалімі  
Ә.Бұқарбайқызы атындағы қазақ орта мектебі  
Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қазақстан  
E – mail: Aizat\_Smagulova@mail.ru*

#### Аңдатпа

*Бұл мақалада қазақтың тұңғыш ағартушысы Ыбырай Алтынсарин мен Спандияр Көбеевтің үндестігі мен олардың қазақ тілі мен әдебиеті саласына қосқан үлестері туралы жазылған.*

**Түйінді сөздер:** мақала, сабақтастық, идея, ұрпақ, өзгерістер.

#### Аннотация

*Данная статья посвящена созвучию Ыбырая Алтынсарина и Спандияра Кобеева и их великой роли в казахском языке и литературе.*

**Ключевые слова:** статья, преемственность, идея, поколение, изменения.

#### Abstract

*The article devoted to the consonance of Ybyrai Altynsaryn and Spandiyar Kobbeyev and their great role in Kazakh language and literature.*

**Key words:** article, continuity, idea, generation, changes.

Бүгінгі таңда тәуелсіз Қазақстанның болашағы үшін білім саласында жеткен елеулі жетістіктер мен ауқымды белестер аз емес. Білім саласында, әсіресе мектеп белестері туралы жағымды жаңалықтар естіп жатсақ, сонау замандағы ұлтының білімді болуы үшін ерен еңбек еткен ағартушы, педагог, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсарин атамыз міндетті түрде ойда тұрады. Ыбырай Алтынсариннің әу баста Орынбор облыстық басқармасында тілмаштық қызмет